



## 4-5 жастағы балаларға арналған «Өзін-өзі тану» бағдарламасы.

### (Вариативтік компонент)

#### Түсіндірме хат

Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерінің дамуы оның өмірдегі ең ірі өзгеріске кездесетін сәті балабақша табалдырығын аттауынан басталып, оқу мен тәрбиенің ұштасып, біртұтас процеске айналған жағдайында жүзеге асады.

«Өзін-өзі тану» пәнінің іс-қимыл жоспарына сай балабақшада балаларды рухани-адамгершілік тәрбиеден бастау алып, жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыруды қолдайды. Біздің халқымыз үшін жан-жақты жетілген тұлға дегеніміз, ең алдымен ұлттық тәрбиенің нәрімен сусындап, бала жастан бойында ұлттық тәрбиені қалыптастырған жөн. Яғни, балаларға олардың бойында рухани-адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпы адамзаттық құндылықтарды өмір бойы басшылыққа ала отырып, өмір сүретін тұлға қалыптастыру қажет. Қоғам дамуында біздің күнделікті қарапайым тіршілігімізде сүйіспеншілік пен ізгілік, мейірімділік пен қайырымдылық, шыдамдылық пен имандылық, адалдық пен ибалық секілді асыл қасиеттер керек.

«Өзін-өзі тану» пәні атынан көрініп тұрғандай, адам өзгені тану үшін біріншіден өзін танып білуі шарт. «Өзін-өзі тану» пәнінің іс-қимыл жоспарына сай балабақшада балаларды рухани-адамгершілік құндылықтар нәрімен сусындатуда оқу-тәрбие процесінде біршама жұмыстар жүргізіліп келеді.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша білім беру мазмұны «Мен адаммын», «Мен және менің әлемім», «Жирен жаман әдеттен-үйрен жақсы әдептен» тараулары бойынша берілген. Бұл тараулары тақырыптары әр түрлі болғанымен, мақсаттары бір арнаға келіп тоғысады. Әрбір жеке тұлғаға достық, отбасы, Отан құндылықтары туралы алғашқы қарапайым түсініктер беру; мейірімділікке, жауапкершілікке, қайырымдылыққа, сүйіспеншілікке баулу, құрбы-құрдастармен, өзінен кішілермен және үлкендермен ізгілікті қарым-қатынас, өзін қоршаған ортаға жайыптарын сезініп, табиғатқа зиян келтіруден бойын аулақ ұстауға тәрбиелеуге бағытталған.

Тақырыптық жоспар

Айы	№	Тақырыптар	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты	Көрнекіліктер
Қыркүйек	1	«Өзін-өзі тану әлеміне саяхат»	«Өзін-өзі тану»әлемі туралы түсініктерін кеңейту.	1	08.09.2021	«Өзін-өзі тану»әлемінің картасы, түрлі-түсті қарандаштар.
	2	«Мен қандай баламын»	1.Балалардың өзіндік «менің»ұғымдарын түсіндіру 2.Өздерін тануға, өз ерекшеліктерін білуге үйрету. 3.Өз бастарын сыйлауға, бағалай білуге тәрбиелеу.	1	22.09.2021	«Өзін-өзі»тану әлемінің картасы, түрлі-түсті қарындаштар
Қазан	3	«Менің туған күнім»	Жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру	1	13.10.2021	Түрлі түсті қарындаштар, сюжеттік суреттер
	4	«Сәлемдесе білемін»	Балаларға «жақсы сөздің» адамдарға әсері туралы түсіндіру	1	27.10.2021	Дәптер, түрлі-түсті қарындаштар, сюжеттік суреттер
Қараша	5	«Адал дос»	«Достық» құндылықтары туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру	1	10.11.2021	Дәптер, түрлі-түсті қарындаштар, сюжеттік суреттер
	6	«Табиғат және адам»	Табиғат пен денсаулықтың үйлесімділігін түсіндіру	1	24.11.2021	Дәптер, түрлі-түсті қарындаштар, сюжеттік суреттер
Желтоқсан	7	«Мен елімнің кішкентай азаматымын!»	«Отан»құндылығының маңыздылығын түсіндіру	1	04.12.2021	Дәптер, түрлі-түсті қарындаштар

	8	«Менің сезімдерім»	Адамның сезімдері,оның адамға тигізетін әсері туралы түсінік беру.	1	15.12.2021	Дәптер,түрлі-түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер
	9	«Менің сүйікті балабақшам»	Балалардың тәрбиеші апайларына деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.	1	29.12.2022	Дәптер,түрлі-түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер
Қаңтар	10	«Менің туыстарым»	«Өзара сыйластық»ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру.	1	12.01.2022	Түрлі-түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер
Ақпан	11	«Қонақ келсе-қуаныш»	«Қонақжайлылық» ұғымы туралы түсінік беру.	1	26.01.2022	Дәптер,түрлі-түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер
	12	«Адам болам десеңіз»	«Адамгершілік», «жақсы адам» ұғымдарының мағынасын түсіндіру	1	16.02.2022	Дәптер,түрлі-түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер
Наурыз	12	«Мен көмекшімін»	«Көмек,көмектесу»адамгершілік ұғымының мәнін ашу.	1	02.03.2022	Дәптер,түрлі-түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер
	13	Табиғат-ана	Табиғатқа қамқорлық жасау туралы түсініктерін кеңейту	1	16.03.2022	Дәптер,түрлі-түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер
Сәуір	14	Достық бірлікте	«Достық»құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру.	1	12.04.2022	Дәптер,түрлі-түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер
	15	«Менің есімім»	Балалардың өзіндік «Менің»ұғындыру.Өздерін тануға,өз ерекшеліктерін білуге үйрету.	1	27.04.2022	«Өзін-өзі тану»әлемінің картасы,түрлі-түсті қарындаштар
Мамыр	16	Бәрі де	«Жақсы көру»і»сүйіспеншілік»	1	11.05.2022	Дәптер,түрлі-түсті

		татулықтан басталады	ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту.			қарындаштар, сюжеттік суреттер
	17	Достық неден басталалды	«Татулық» ұғымы туралы түсінік беру, жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету; татулыққа тәрбиелеу.	1	19.05.2022	Дәптер, түрлі-түсті қарындаштар, сюжеттік сурет, карта